

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің прорабы	ЛН 254-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1-беті
---	--	---

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды
техникалық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор
_____ С.С. Сагинтаева
«__» _____ 2024 ж.

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ ПРОРАБЫ

ЛН 254-2024

Әзірлеген: ӘЗД директоры
М.М.Кожухова _____

Дана № _____

Көшірме № _____

Қарағанды

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің прорабы	ЛН 254-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1-беті
---	--	---

1 Қолдану саласы

Осы лауазымдық нұсқаулық «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ) сапа менеджменті жүйесіндегі (СМЖ) шаруашылық бөлімі прорабының лауазымдық міндеттерін, құқықтарын, жауапкершілігін және басқа да персоналмен өзара қарым-қатынасын айқындайды.

2 Жалпы қағидалар

2.1 Прораб қызмет көрсету персоналы санатына жатады.

2.2 Шаруашылық бөлімінің прорабы лауазымына тағайындау және одан босату (шаруашылық бөлімі (бұдан әрі – ШБ) бастығының ұсынысы бойынша) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

2.3 Прораб ШБ бас инженеріне бағынады

2.4 Прораб өз қызметінде:

- қауіпсіздік техникасы ережелерін;
- осы лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алады.

2.5 Прораб орнында болмаған кезде (іссапар, демалыс, ауру, т.б.) оның міндеттерін белгіленген тәртіппен тағайындалған адам орындайды да, ол тиісті құқықтарға ие болады және өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындауға жауапты болады.

3. Сипаттама

3.1 Біліктілік талаптары:

Прораб лауазымына кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі бар және өз мамандығы лауазымдарында құрылыста кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімі бар және маман лауазымдарында құрылыста кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

3.2 Прораб:

- учаскенің (объектінің) өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің прорабы	ЛН 254-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1-беті
---	--	---

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді;

- құрылыс өндірісін ұйымдастыру және технологиясы, салынып жатқан объектілерге жобалау-сметалық құжаттаманы;

- құрылыс нормаларын, құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізуге және қабылдауға арналған техникалық шарттарды;

- учаскедегі (объектідегі) өндірістік-шаруашылық қызметтің нысандары мен әдістерін;

- орындалатын жұмыстарға, еңбекақы төлеу жөніндегі әдістемелік және өзге де материалдарға нормалар мен бағаларды;

- мердігерлік ұйымның тапсырыс берушілермен және қосалқы мердігерлермен шаруашылық және қаржылық өзара қарым-қатынастарының тәртібін;

- құрылыс ұйымын өндірістік-технологиялық жинақтау және диспетчерлеу жүйесін;

- құрылыс өндірісін ұйымдастырудың ғылыми-техникалық жетістіктері мен тәжірибесін;

- экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздерін;

- еңбек заңнамасын, ішкі еңбек тәртібінің ретін, еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды, өндірістік санитарияны, өрт қауіпсіздігінің талаптарын білуі қажет.

3.3 Лауазымдық міндеттері:

- учаскенің өндірістік-шаруашылық қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

- объектілерді белгіленген мерзімде пайдалануға беру және жұмыстарды жүргізу жобаларын сақтай отырып, барлық сандық және сапалық көрсеткіштер бойынша құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын орындау бойынша өндірістік тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді;

- жобалау құжаттамасына, құрылыс нормаларына, техникалық шарттарға және өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады;

- учаскеде құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізудің технологиялық реттілігінің сақталуын қамтамасыз етеді;

- жұмыстарды механикаландыру деңгейін арттыруды, жаңа техниканы енгізуді, еңбекті ұйымдастыруды жетілдіруді, құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарының құнын төмендетуді, материалдарды үнемді жұмсау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

- еңбектің озық әдістері мен тәсілдерін тарату бойынша жұмыс жүргізеді;

- объектілердің құрылысына техникалық құжаттама алуды қамтамасыз етеді;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің прорабы	ЛН 254-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1-беті
---	--	---

- құрылыс машиналарына, көлікке, механикаландыру құралдарына, материалдарға, конструкцияларға, бөлшектерге, құрал-саймандарға, мүкәммалға өтінімдер жасайды және оларды тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

- орындалған жұмыстардың есебін жүргізеді, техникалық құжаттаманы рәсімдейді;

- тапсырыс берушілерге құрылыста аяқталған объектілерді, пайдалануға берілетін объектілер бойынша жұмыстардың жекелеген кезеңдері мен кешендерін тапсыруға қатысады;

- қосалқы мердігерлік (мамандандырылған) ұйымдар үшін жұмыс ауқымын дайындайды және орындалған жұмыстарды қабылдауға қатысады;

- күзет аймақтарында жұмыс жүргізу құқығына рұқсаттарды рәсімдейді;

- құрылыс-монтаж және іске қосу-баптау жұмыстарының көлемі бойынша шеберлерге өндірістік тапсырмалар белгілейді, олардың орындалуын бақылайды;

- жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері бойынша жұмысшыларға тікелей жұмыс орнында нұсқау береді;

- технологиялық жарақтарды (ормандарды, тіреуіштерді, қорғаныш құрылғыларды, қазаншұңқырлар мен траншеялардың қабырғаларын бекітуді, тіреуіштерді, кондукторларды және өзге де құрылғыларды), құрылыс машиналарын, энергетикалық қондырғыларды, көлік құралдарын және жұмыс істейтін адамдарды қорғау құралдарын қолдануды қамтамасыз етеді;

- жұмыс орындарында, өту жолдарында және кірме жолдарда ауырлықтардың тасымалдануын, тазалық және тәртіп нормаларының сақталуын, кран астындағы жолдардың дұрыс ұсталуы мен пайдаланылуын, жұмыс орындарының қауіпсіздік белгілерімен қамтамасыз етілуін қадағалайды;

- объектілер жанынан қойма шаруашылығын және материалдық құндылықтарды қорғауды ұйымдастырады;

- қауіпсіздік техникасының жай-күйін бақылайды және анықталған кемшіліктерді, өндірістік санитария тәртібін бұзушылықтарды жоюға, еңбек қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасы жөніндегі жұмыс нұсқаулықтарының сақталуына шаралар қабылдайды;

- мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйымдар мен талаптарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және өзге де шектеулерді сақтайды;

- қызметкерлердің өндірістік және еңбек тәртібін сақтауын қамтамасыз етеді;

- қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

- рационализаторларға көмек көрсетеді;

- жұмысшылардың біліктілігін арттыру бойынша жұмысты ұйымдастырады.

3.4 Құқықтары:

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің прорабы	ЛН 254-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1-беті
---	--	---

- өзіне бағынысты қызметкерлерді көтермелеу немесе әкімшілік жазалау туралы ұсыныстар енгізу.

- еңбек өндірістік тәртібін бұзған адамдарды жұмыстан шеттету және оларды жұмыстан шығару.

3.5 Жауапкершілік:

- ережеде көзделген өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе мүлде орындамағаны үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған,

- өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін,

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде.

- материалдық залал келтіргені үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде.

- еңбек тәртібіне және ЖОО-ның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін жауап береді.

3.6 Өзара қарым-қатынас.

Жұмыс барысында прораб учаске шеберімен және шаруашылық бөлімінің бастығымен қызметтік қарым-қатынасқа түседі.

4 Құжатқа өзгерістер енгізу

Осы ЛН-қа өзгерістер мынадай жағдайларда енгізіледі:

- функциялар мен лауазымдық міндеттерді қайта бөлгенде;
- қайта құру немесе қысқарту кезінде;
- ұйымның атауы өзгергенде немесе лауазымның атауы өзгергенде.

5 Келісу және қолданысқа енгізу

Лауазымдық нұсқаулық:

- инфрақұрылымды дамыту жөніндегі директормен;
- Заң бөлімінің бастығымен;
- ПОҚ және қызметкерлер кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісіледі.

6 Сақтау

Лауазымдық нұсқаулық «Танысу парағында» (Б қосымшасы) лауазымдық нұсқаулықтың түпнұсқасында және көшірмесінде қол қойылып, қызметкердің назарына жеткізіледі. Танысу туралы қолы қойылған бекітілген нұсқаулықтың есепке алынған данасы ШБ беріледі, ал түпнұсқасы әкімшілік-заңгерлік департаменттің (ӨЗД) кадр бөлімінде сақталады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің прорабы	ЛН 254-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1-беті
---	--	---

А Қосымшасы
(міндетті)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің прорабы	ЛН 254-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1-беті
---	--	---

Б Қосымшасы
(міндетті)

Φ.02-2024

Танысу парағы

[illegible]